

## Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 10 маусымдағы N 118.

1. 1984 жылғы 22 наурызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 14 (қосымша); N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 1997 ж., 13 наурызда жарияланған "Қазақстан Республикасының еңбек мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай толықтырулар енгізілсін:

"1. Мынадай мазмұндағы 169-4-баппен толықтырылсын:

"169-4-бап. Лауазымды адамдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуы

Қадағалау және бақылау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, сондай-ақ барлық деңгейдегі әкімдер мен олардың орынбасарлары азаматтар (жеке кәсіпкерлер) мен заңды тұлғалардың қызметіне заңсыз араласса, оның ішінде олардың кәсіпкерлік қызметіне кедергі келтіретін заңсыз актілер шығару және заңсыз тапсырмалар беру түрінде араласса -

заңдарда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынады".

2. 213-баптың бірінші бөлігі "168-173" сандарынан кейін "(169-4-баптан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 216-бап "169-2" сандарынан кейін "169-4" сандарымен

толықтырылсын.

4. 248-1-баптың бірінші бөлігінің 1-тармағында:

1) екінші азатжол "168-171" сандарынан кейін "(169-4-баптан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) жиырма сегізінші азатжол "169-171" сандарынан кейін "(169-4-баптан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын.

3) жиырма тоғызынышы азатжолда "прокуратура органдарының" деген сөздерден кейін жақша ішіндегі сандар "169-4" сандарымен толықтырылсын.

5. 271-баптың екінші бөлігі "164-2" сандарынан кейін "169-4" сандарымен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК